

ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(4)2023



ӘӨЖ: 39(574)

## ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОГРАФ ҒАЛЫМЫ ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ 4 ІРІ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕГІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

*Ә.Ж. Ахантаева, Г.Ж. Ахантаева*

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Мақалада қазақтың этнограф ғалымы Халел Арғынбаевтың өмірбаянына қысқаша тоқталып, оның төрт ірі ғылыми этнографиялық еңбегіне тарихнамалық шолу жасалынады.

Ғалымның «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты монографиясында қазақтың революцияға дейінгі мал шаруашылығы этнографиялық тұрғыда сипатталады. Қазақ жерінің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып жыл мезгілдеріне байланысты көш-қон мәселесі мен төрт түлікті бағып-қағуда, ауа-райын бақылау мен мал ауруларын емдеудегі халық тәжірибесі толық қамтылады. Өртүрлі діни сенімдерге байланысты қалыптасқан сан қилы әдет-ғұрыптарды баяндауға да көңіл бөлінген.

Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» деген монографиясы қазақтағы семья мен некенің шығуы мен даму тарихын зерттеуге арналған. Ғалым көптеген нақтылы деректер негізінде революцияға дейінгі семья формаларын, семьялық қарым-қатнастар мен туыстық системаны, әйелдер жағдайы мен бала тәрбиесін, өлікті жерлеу ғұрыптарын; неке құру формаларын, үйлену тойы мен оған байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, көне неке формаларының қалдығы ретінде сақталған әменгерлік (левират) құқығы мен балдыз алу т.б. мәселелерді терең зерттеді.

«Қазақ халқының қолөнері» еңбегінде ғалым қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар екендігін көрсетеді. «Қазақ шежіресі хақында» атты еңбекте Ұлы жүздің шежіресін жазып, қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеуде тайпалар мен рулардың орны ерекше екеніне назар аударды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Мақаланы жазу барысында Халел Арғынбаевтың өзінің жаған еңбектері «Қазақ халқындағы семья мен неке», «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк», «Қазақ шежіресі хақында» дереккөзі ретінде алынды.

Мақалада тарихи-салыстырмалы әдіс, жинақтау, жүйелеу, мәдени-тарихи, әлеуметтік және т.б. қолданыс тапты.

**Тірек сөздер:** этнография, мал шаруашылығы, семья, неке, шежіресі, Ұлы жүз, қолөнер.

**Сілтеме жасау үшін:** *Ә.Ж. Ахантаева, Г.Ж. Ахантаева.* Қазақтың этнограф ғалымы Халел Арғынбаевтың 4 ірі ғылыми еңбегіне тарихнамалық шолу//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). 98-104 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.14

## ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБЗОР 4 КРУПНЫХ НАУЧНЫХ РАБОТ КАЗАХСКОГО УЧЕНОГО-ЭТНОГРАФА ХАЛЕЛА АРҒЫНБАЕВА

*А.Ж. Ахантаева, Г.Ж. Ахантаева*

Казахский национальный аграрный исследовательский университет (Казахстан)

**Аннотация.** В статье кратко рассмотрена биография казахского этнографа Халела Арғынбаева и сделан историографический обзор четырех его крупных научно-этнографических работ.

В монографии «Этнографический очерк казахского скотоводства» ученый с позиции этнографа описывает казахское животноводство до революционного периода. С учетом природных особенностей казахской земли, полностью освещены вопросы миграции в зависимости от времени года, народная практика наблюдения за погодой и лечения болезней



скота, уход за скотом. Значительное внимание уделено также повествованию о различных обычаях и традициях, сложившихся в связи с различными религиозными верованиями.

Монография под названием «Семья и брак в казахском народе» посвящена изучению истории возникновения и развития казахской семьи и брака. На основе большого количества конкретных данных, ученый изучил дореволюционные формы семьи, семейные отношения и систему родства, положение женщин и воспитание детей, погребальный обряд; также формы брака, свадебный обряд и связанные с ним обычаи, сохранившиеся как остатки древних форм брака, левират и право женитбы на своячнице и т. д..

В работе «Ремесла казахского народа» было показано, что казахские ремесла имеют свою историю развития. В труде «О казахской генеалогии» он написал родословную Старшего жуза (Ұлы жүз) и указал, что изучение племен и родов имеют важное значение для изучения национальной истории казахского народа.

**Материалы и методы исследования:** При написании статьи в качестве источников были взяты собственные труды Халела Аргынбаева «Семья и брак в казахском народе», «Ремесла казахского народа», «Этнографический очерк по казахскому скотоводству», «О казахской генеалогии». В статье использованы историко-сравнительный метод, источниковедческий анализ, обобщение, систематизация, культурно-исторический, социальный и др.

**Ключевые слова:** этнография, животноводство, семья, брак, генеалогия, Великий жуз, ремесла.

**Для цитирования:** А.Ж. Ахантаева, Г.Ж. Ахантаева. Исторический обзор 4 крупных научных работ казахского ученого-этнографа Халела Аргынбаева//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). С. 98-104. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.14

## HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF FOUR MAJOR SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC WORKS OF KAZAKH SCIENTIST-ETHNOGRAPHER HALEL ARGYNBAYEV

*A.Zh. Akhantaeva, G.Zh. Akhantaeva*

Kazakh National Agrarian Research University (Kazakhstan)

**Abstract.** This article briefly examines the biography of Khalel Argynbaev, a leading Kazakh ethnographer, and provides a historiographical review of four of his major scientific and ethnographic works.

A monograph entitled “Ethnographic sketch of Kazakh cattle breeding” was published, which ethnographically describes Kazakh livestock breeding before the revolution. Taking into account the natural features of the Kazakh land, the issues of migration depending on the time of year, the folk practice of monitoring the weather and treating livestock diseases, while caring for livestock, are fully covered. Sufficient attention is also paid to the narration of various customs and traditions that have developed in connection with various religious beliefs.

This monograph entitled “Family and Marriage in the Kazakh People” is devoted to the study of the history of the emergence and development of the Kazakh family and marriage. Based on a large amount of specific data, the scientist studied pre-revolutionary family forms, family relationships and the kinship system, the status of women and raising children, funeral rites; also the forms of marriage, the wedding ceremony and the customs associated with it, the rights of the levirate and the future bride, etc., have been preserved as remnants of ancient forms of marriage.

“Crafts of the Kazakh people” Kazakh crafts have their own history of growth and development.

The origin of tribes and clans occupies a special place in the history of studying the national history of the Kazakh people by writing the genealogy of the “Great Zhuz” in the work “On the Kazakh Chronicle”.

**Materials and methods of research:** When writing the article, Halel Argyntbaev's own works «Family and Marriage in the Kazakh Nation», «Crafts of the Kazakh Nation», «Ethnographic Essay on Kazakh Cattle Breeding», «About Kazakh Genealogy» were taken as sources. Historical-comparative method, source analysis, generalization, systematization, cultural-historical, social, etc. are used in the article.

**Keywords:** ethnography, animal husbandry, family, marriage, genealogy, Great Zhuz, crafts.

**For citation:** A.Zh. Akhantaeva, G.Zh. Akhantaeva. Historiographical review of four major scientific and ethnographic works of kazakh scientist-ethnographer Halel Argyntbaev//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). p.p. 98-104. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.14

1924 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Х. Арғынбаев тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ол 1951 жылдары Абай атындағы Қазақтың педагогикалық университетінің тарих факультетін үздік оқып бітіреді. Еңбек жолын тарих пәнінің оқытушы қызметінен бастайды. 1954-1998 жылдарға дейін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында аспирант, ғылыми қызметкер, этнография бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етеді.

Аға әріптестері Ә. Марғұлан, Н. Сәбитова сондай-ақ көрнекті этнограф И.В. Захаровтың жетекшілігімен ғылымның даңғыл жолындағы өзіндік тұлғалы сүрлеуі басталады. Көп оқып көңілге тоқып, жатпай-тұрмай кітапханаларда жүру арқылы ауыл-село тұрғындары арасындағы этномәдени процестерге теориялық көзқарасы қалыптасады. Өзі сияқты жас зерттеушілер Е. Масанов, М. Мұқанов, В. Востров, Р. Ходжаева тағы басқалармен қоян-қолтық араласып, Жетісу, тағы басқа аймақтардағы этникалық, демографиялық және әлеуметтік үрдістердің өзара ықпалын тұжырымдайтын материалдар жинастырады, 60-80-ші жылдары ол 30-дан аса ғылыми- зерттеу экспедициясын басқарып, Қазақстанның төрт бұрышын түгел аралағандай күй кешеді. Аймақ этностарының материалдық, әлеуметтік және рухани астары туралы тарихнамалық деректер жинайды.

1960 жылы Мәскеуде «Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и начале XX веков» атты тақырыпта диссертация қорғап, тарих ғылымының кандидаты атағына ие болады. 1976 жылы «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Халел Арғынбаев – қазақтың этнография ғылымының қалыптасуына өзіндік зор үлес қосқан ірі ғалым, әрі тұлға. Ол артына қазақ этнографиясы үшін баға жетпес ірі-ірі ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Бұл еңбектері қазіргі таңда да өзінің ғылыми маңызын жоғалтпаған құнды дүниелер. Ол кісі тек ғалым емес ұстаз ретінде де орны ерекше. Мен қазақ этнографиясы ғылымына енді ғана қосылған жас ғалым ретінде «Арғынбаев мектебінің» соңғы шәкірттерінің бірімін деп есептеймін, әрі ол кісіден 1990-1993 жж. аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде оқып жүргенімде дәріс алғанымды мақтан тұтамын. Профессор Х. Арғынбаев «Қазақ этнографиясы» атты арнайы курстан дәріс береді дегенде, бір жағынан қуандық, себебі бұрын атын ғана естіген ғалымнан сабақ алатындығымыз үшін, екінші жағынан бойымызда қобалжу болды, ол ірі ғалымның үмітін ақтай аламыз ба деген?

Ол кісі өте қарапайым, жаны таза, пенделіктен ада, нағыз ғалым болатын, бізді қазақтың болашақ этнограф ғалымы, өзінің ізбасарлары ретінде қарайтын. Дәрісі өте қызықты өтетін, этнография ғылымының қызығы мен қиындығы, методикалық зерттеу әдісінің ерекшеліктері туралы айтатын. Бізге: «Көптеген тарихшылар ойлайды «этнография» тарихтың оңай салаларының бірі деп, бірақ оңай болса неге екіншісі бірі айналыспайды, себебі бұл ғылым саласы үлкен талапты, қажырлылықты, білімділікті, еңбеккерлілікті, қиындыққа төзе білуді талап етеді. Қазіргі таңда «Қазақ этнографиясын» зерттеп-зерделеп жүрген ғалымдар санаулы ғана, сендер солардың санын ғана емес, сапасын да көбейтіндер», – деп айтатын еді.

Қазіргі таңда содан бері 20 жылға жуық уақыт өтсе де, қазақ этнограф-ғалымдардың саны 50-60-тай ғана екен, бұл 16 миллион халқы бар қазақ үшін теңіздің тамшысындай ғана.

Қазақ этнографиясында зерттеуді қажет ететін көптеген тың тақырыптар жетерлік, бұл тақырыптарды зерттеуге екінің бірінің батылы жетіп бара бермейді. Мұның бірден-бір себебі этнография ғылымының өзіндік ерекшелігі мен қыйындығына байланысты болар.

1969 жылы «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты монографиясы жарық көреді. Араға төрт жыл салып «Қазақ халқындағы семья мен неке» деген монографиясы тарихшы ғалымдар, студенттер қауымы мен өз тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпын сүйетін көпшілік қауым үшін баға жетпес құнды дүние, тіптен әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған десек артық айтпағандық болар еді. Бұл монографиялық зерттеудің қазақтың «этнография» ғылымы саласы тарихындағы баға жетпес байлығы болып табылады.

Х. Арғынбаевтың әр еңбегі ұзақ зерттеу нәтижесінде жарыққа шығып, елімізге танымал болған еңбектер. Солардың бірі «Қазақ халқындағы семья мен неке», «Қазақ отбасы» еңбектерінің материалдарын ғалым 20-30 жыл бойы ел арасынан жинап, этнографиялық деректер мен мұрағат құжаттары, тарихи-әдеби мұралар негізінде қазақ халқы отбасының өткені мен бүгінгісін жан-жақты ыждағаттылпен терең зерттеген.

1973 жылы жарық көрген «Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу)» атты бұл еңбекте қазақтағы семья мен некенің шығуы мен даму тарихын зерттеуге арналған. Ғалым көптеген нақтылы деректер негізінде революцияға дейінгі семья формаларын, семьялық қарым- қатынастар мен туыстық системаны, әйелдер жағдайы мен бала тәрбиесін, өлікті жерлеу ғұрыптарын; неке құру формаларын, үйлену тойы мен оған байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, көне неке формаларының қалдығы ретінде сақталған әмеңгерлік (левират) правосы мен балдыз алу т.б. мәселелерді терең зерттеді.

Этностар арасындағы отбасылық-некелік қарым-қатынастар, ырым мен әдет-ғұрып, сондай-ақ тарихи-мәдени және әлеуметтік аспектілерінің проблемалары, жанұялар мен неке түрлері, олардың өзара жақындық белгілері, ішкі жанұялық қатынастары, әдет-дәстүрдің саналуан белгілері, үйлену салттары, балаларды сүндетке отырғызу, оның тазалық пен денсаулыққа пайдасы қазақи таза қандылықпен, ұлтжандылықпен астарлы белгілерін танытады.

Сонымен қатар Х. Арғынбаев осы зерттеу еңбегінде: «Революцияға дейінгі қазақ халқына тән семья түрі негізінен әке-шеше және үйленбеген балалардан тұратын дара, яғни шағын семья болатын. Қолда бар деректерге қарағанда, сол дара семьяда үлкен патриархал семья қауымының көптеген сипаттары сақталып келген» – деп айта келіп, үлкен патриархалды семьяның негізгі белгісін Л. Морган еңбегі арқылы былайша сипаттап көрсетеді: «Қарауындағы жерін өңдеп, малын бағу үшін әке үкіміне бағыныштылықта белгілі мөлшердегі ерікті және еріксіз адамдардың семья құруы» [Арғынбаев, 1973: 9-23].

Халық түсінігі бойынша неғұрлым жастарды ерте үйлендірсе, олар әрбір жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары көп, мықты болады деген сенім де болған.

Неке құрудың негізгі жолы – құда түсіп, қалыңмал төлеп үйлену, жасаумен тұрмысқа шығу. Ал малы тапшы шаруаларға, әсіресе кедейлерге 27, 17 бас мал төлеп келін түсіру оңайға түспейтін. Тақыр кедей балалары әуелі өздері бірнеше жыл жалға жүріп, қалың малға беретін мал жиятын немесе оңтүстікте қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған. Әке - шешеден жастай айырылып, кедей туысының қолына қараған қыздар мен жесір қалған кедей әйелінің қыздарына құда түсіп, азан-аулақ малын беріп, күйеу әкесі қалыңдықты 9-10 жасқа толысымен өз қолына алып бағатын да әдет болған. Мұны қазақ «қолбала» етіп алу дейді. Қолбала болып жүрген қыз бала болашақ күйеуімен бірге өскенмен, балиғатқа толғанша ерлі-зайыптылық ғұрыпты құрғызбайтын.

Отбасы және неке туралы заңға байланысты қазіргі жастар арасындағы неке құру үшін қажетті жағдай – екі жыныстың да кәмелетке келуі, яғни 18 жасқа толуы болып есептеледі. Қазақ жұртшылығы да негізінен осы жас мөлшерін дұрыс көреді, бұған дейін қызын ұзатуға, ұлын үйлендіруге асықпайды. Өйткені әрбір ата ана балаларының оқу бітіріп, өз бетінше өмір сүруге дайын болған кезінде ғана жеке отбасы болуын қалайды. Олай болса, қазіргі күнде орта мектепті 17-18 жасқа толмай, ал жоғарғы оқу орнын негізінен 22-23 жасқа толмай бітіре

алмайтындықтан, оның үстіне өзіне өмірлік жар таңдау жастардың өз еркінде болғандықтан, неке құру жолы бұрынғымен салыстырғанда әжептәуір жоғарылады. Жиналған деректерге қарағанда, қазіргі ауыл жастарының арасындағы алғашқы неке құру негізінен 18-ден 25-тің арасы болып отыр. Кейбір жағдайларға байланысты бұл шамадан әрлі-берлі ауытқуы да мүмкін. Қыз балалар негізінен 20 жасқа дейін тұрмыс құруды ұнатса, ер балалар армия қатарында қызмет ету борышын өтеп қайтқаннан кейін үй болуды қалайды. Мұның өзі қазіргі өмір талабына байланысты да, жігіт жағының ресми түрде құда түсуінің қажеттігін білдіреді.

Тағы еңбектерінің бірі «Қазақ халқының қолөнері» Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады. Мұның өзі қазақ өнерінің республика жерінде мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдениетімен төркендестігінің айғағы. Қазақ халқы – кең-байтақ Республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Бұл процеске әр кезеңде Қазақстан жеріне жан-жақтан келген көшпелі тайпалар мен халықтардың, сондай-ақ, Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен орыс халқының да мәдениеті әсер етті. Сайып келгенде, жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сан толқынын бойына сіңіріп, үнемі жақсару, жаңғыру үстінде болды [Арғынбаев, 1987: 5-6].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді. Революцияға дейінгі қолөнердің дамуына қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, көшпелі өмір, біртіндеп отырықшылыққа көшу процесі, бұрын үстем болып келген тұйық шаруашылықтың ыдырай бастауы, көрші елдермен, әсіресе Ресеймен, сауда қатынасының шаруашылық және мәдени байланыстың арта түсуі, тағы да басқа көптеген ішкі сыртқы факторлардың әсері айтарлықтай ықпал жасады. Ол кездегі қазақ ауылдарының көпшілігінің қаламен байланысы болмады. Сондықтан, олардың өзіне қажетті үй бұйымдарының басым көпшілігін қалалардан сатып аларлықтай мүмкіндігі болмағандықтан, негізінен, халық шеберлерінің қолына қарады. Қазақ қолөнер шеберлері, көбінесе кедейлер әулетінен шықты. Олардың белгілі бір қолөнер түріне мамандана кәсіп етуі шеберлердің негізгі күнкөріс көзіне айналатын. Соның өзінде қолөнер шеберлерінің өнерлі еңбегі, тіпті ғажап туындыларының өзі де жете бағаланбады. Сондықтан, қолөнерді кәсіп етуші шебер жандардың өзі жоқшылық зардабын қол үзе алмады.

Қазақ қолөнер шеберлерінің күнделікті еңбегінің тым ауырлығының бір себебі олардың басым көпшілігінде жабдықталған арнайы шеберханалардың болмауы. Әсіресе, ершілер, зергерлер, етікшілер тағы да басқа ұсақ-түйек бұйымдар жасайтын шеберлер көбінесе қысы-жазы өзінің тұрғын үйінде немесе жасатушының мекен жайында жатып істеді. Олар тастан там салып, құлпытас және басқа бұйымдар қашайтын шеберлер мен үйшілердің, арбашылардың жұмыс орны қыстаудағы қора бұрышында, шопшалада немесе арнайы жасалатын лапас астында орналасты.

Қолөнер бұйымдарын жасауға түріктер ерекше көңіл бөлген. Қажетті киімдердің барлығын өздері тіккен.

«Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очеркінде» XIX ғасырдың соңы мен XX ғ. басында Қазақстан жерінің табиғат жағдайларының ерекшелігіне байланысты шаруашылықтың үш түрі болғандығы көрсетілген: 1-көшпелілік жағдайда мал өсіру, 2-жартылай көшіп мал өсіру, 3-отырықшылық жағдайында мал мен егіншілік шаруашылығын қатар жүргізу.

Патша өкіметінің шығарған заңы бойынша қазақтарға қыстаулық жер бөлген де оның мөлшері әр отбасындағы мал санына қарай бөлінген. Көшпелі мал шаруашылық малды маусымға қарай жаю тәжірибесін туғызған. Маусымдық жайылым төрт кезеңге бөлінген: 1



көктеу, 2 жайлау, 3 күзеу, 4 қыстау. Көшпелілер үй кәсібінде мал шаруашылығы шикізаттарын өңдеумен айналысқан.

«Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты еңбекте [Арғынбаев, 1969: 3-6] қазақтың революцияға дейінгі мал шаруашылығы этнографиялық тұрғыда сипатталады. Қазақ жерінің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып жыл мезгілдеріне байланысты көш-қон мәселесі мен төрт түлікті бағып-қағудағы ауа-райын бақылау мен мал ауруларын емдеудегі халық тәжірибесі толық қамтылады. Өртүрлі діни сенімдерге байланысты қалыптасқан сан қилы әдет-ғұрыптарды баяндауға дажеткілікті көңіл бөлінген.

Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік мал маңызды орын алады. Қазақ халқы бір-бірімен амандасып «Мал-жан аман ба?», – деп жөн сұрасуында да үлкен философиялық мән бар. Қысы-жазы халық өзіне керекті азық-түлігін, киім-кешегін, төсенішін тіптен баспаналары «киіз үйдің» де барлық жабдықтарын (сүйегінен басқа) осы мал өнімдерінен жасады.

Егеншілікпен айналысқан жатақ ауылдары азынаулақ малын жаз болса ауыл маңында бірігіп бағып, қыста қолда шөппен асырайтын.

Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров «Қазақ шежіресі хақында» атты еңбек қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеуде тайпалар мен рулардың шығу тегі тарихта орны ерекше.

Х. Арғынбаев «Ұлы жүздің» шежіресін жазса, М.С. Мұқанов «Орта жүзді», М.С. Мұқанов пен В. Востров «Кіші жүздің» шежіресін жазды.

Бұл еңбектің негізгі мақсаты жөнінде қазақтың біртуар азаматы, қазақ тарихында орыны ерекше ғалым, академик Манаш Қозыбаев ағамыз былай дейді: «Еңбектің негізгі мақсаты – шежіре жазудың ғылыми әдістемесімен, деректер көзімен таныстыру, шежірені қарабайырлыққа салуға жол бермеу, оны елді бөлушілікке емес, қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға бағыттау» [Арғынбаев, 2000: 6].

Қорыта келе айтарымыз Қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеу, оны жан-жақты зерделеу Халел ағамыздың санасына ана сүтімен бірге дарыған үлкен қасиет. Сондықтан да ол ғылымда өзіне ұнаған саланы таңдап алып, қазақтың әдет-ғұрпымен тұрмыс салтын зерттеуге арнады. Оның өзі жазған, жетекшілік еткен көптеген ғылыми зерттеулері Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі этнографиялық ғылымын дамытуда үлкен үлес қосуда.

Халел Арғынбаев ұзақ жылдар бойы жүргізген этнографиялық зерттеулерін атақты этнограф ғалымдар Әбубәкір Диваевтың, Әлкей Марғұланның ғылыми дәстүрлерін жалғастырушы шәкірттерінің бірі.

Халел Арғынбайұлы шыңдалған қайсар ұрпақтың өкілі болғандықтан тоталитарлық жүйенің идеологиялық қыспағы мен ғылымның қия жолынан сыр бермей өтіп, болашақ ұрпаққа ұмтылмас мол мұра қалдырған!

Тарихшы ғалымдар, студенттер қауымы мен өз тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпын сүйетін көпшілік қауым үшін баға жетпес құнды дүние, тіптен әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған десек артық айтпағандық болар еді. Бұл монографиялық зерттеудің қазақтың «этнография» ғылымы саласы тарихындағы баға жетпес байлығы болып табылады.

## ӘДЕБИЕТ

- Арғынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы. 1973. 328 б.  
*Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер. 1987. 127 б.  
*Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк. Алматы. 1969. 172 б.  
*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында (Құрастырғ.: Ә. Пірманов). А: Атамұра, 2000. 464 бет.

## REFERENCES

- Argynbaev H.* Qazaq halqyndagy sem'ya men neke. Almaty. 1973. 328 p.  
*Argynbaev H.* Qazaq halqynyn qoloneri. Almaty: Oner. 1987. 127 p.

*Argynbaev H.* Qazaqtyn mal sharuashylygy zhajyndagy etnografiyalyq ocherk. Almaty. 1969. 172 p.

*Argynbaev H., Mukanov M., Vostrov V.* Qazaq shezhiresi haqynda (Qurastyrg.: Ә. Pirmanov). A: Atamura, 2000. 464 p.

**Авторлар туралы мәлімет:** Ахантаева Әмина Жағыппарқызы – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. E-mail: [amina.68.kz@mail.ru](mailto:amina.68.kz@mail.ru)

Ахантаева Гулазия Жағыпбарқызы – п. ғ.магистрі. E-mail: [azy777@yandex.ru](mailto:azy777@yandex.ru)

**Сведения об авторах:** Ахантаева Амина Жагиппаровна – ассоциированный профессор Казахского национального аграрного университета, к.и.н. E-mail: [amina.68.kz@mail.ru](mailto:amina.68.kz@mail.ru)

Ахантаева Гулазия Жагипбаровна – магистр п.н. E-mail: [azy777@yandex.ru](mailto:azy777@yandex.ru)

**Information about the authors:** Akhantaeva Amina Zhagipparovna – Kazakh National Agrarian University, associate professor. E-mail: [amina.68.kz@mail.ru](mailto:amina.68.kz@mail.ru)

Akhantaeva Gulaziya Zhagipbarovna – master of pedagogical sciences. E-mail: [azy777@yandex.ru](mailto:azy777@yandex.ru)